



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)
ББК 74.58
Қ 22

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

Хуснутдинова Ляйля Гельсовна, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

Сухов Михаил Васильевич, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

Радченко Татьяна Александровна, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Алимбаев Алибек Алпысбаевич, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Телегина Оксана Станиславовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Шумейко Татьяна Степановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

2. Исследование взаимосвязи и взаимовлияний всех составляющих здоровья (физической, психической, социальной и духовной).

3. Формирование новых представлений, установок на здоровье, здоровый образ жизни, болезнь и др.

Таким образом важно донести до сознания молодежи, стремление к духовному совершенству через совершенствование своего тела, своих отношений, своих человеческих качеств, осознание своего предназначения, своих высших ценностей и смыслов. Нужно способствовать формированию у студентов комплексного представления о здоровье и здоровом образе жизни. С другой стороны, надо помочь им в осмыслении приоритетности факторов, определяющих выбор той или иной ситуации развития и саморазвития молодых людей, помочь им в их работе над исследованием и творением собственного здоровья, их реализации в жизни.

Список литературы:

1. Постановление Правительства Республики Казахстан - 23.09.2022 г. - № 733 – с.123.
2. Петрова О.В. Психолого-педагогические аспекты формирования культуры здорового образа жизни студентов // Вестник Брянского государственного университета. Брянск, 2013.— № 1.— С. 196-200.
3. Даутов Ю.Ю., Уракова Т.Ю., Ожева Р.Ш., Хакунов Р.Н., Тхакушинов Р.А. Научные основы здоровья и здорового образа жизни // Новые технологии. Майкоп, 2007.— № 3.— С. 67-69.
4. Миронова Е.В. Модель организации самопознания как фактор формирования здорового образа жизни младших подростков // Вестник Архангельского университета. Серия: гуманитарные и социальные науки. Архангельск, 2008.— № 2.— С. 94-97.

УДК 371.486

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Абдрасилова Гулсим Лесбековна, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: abdrasilova72@mail.ru

Косыбаева Балтуган Амантаевна, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің. «№42 орта мектебі» КММ, бастауыш сынып мұғалімі, Тараз қ., Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты. Бастауыш мектептегі оқуды өмірмен байланыстыру, білімді жүйелі саналы да берік меңгерту. Балалардың белсенділігін арттыруда оқушылардың рухани адамгершілік-эстетикалық тәрбиелілігіне қазіргі кезеңде көбірек мән беру. Мақсаты: пән сабақтары және сабақтан тыс жұмыстар барысында оқушыларды адамгершілікке, эстетикалық әдемілікті сезіне білуге, сұлулыққа тәрбиелеу.

Түйінді сөздер: Бастауыш сынып оқушылары, тәрбиелеу, адамгершілік-рухани тәрбие, эстетика.

Аннотация

Актуальность и цель. Взаимосвязь обучения в начальной школе с практикой, систематическое сознательное и прочное усвоение полученных знаний. В повышении активности детей все большее значение придается духовно-нравственно-эстетическому воспитанию учащихся на современном этапе. Цель: в ходе предметных занятий и внеурочной деятельности учащихся воспитание нравственности, чувства эстетической красоты.

Ключевые слова: учащиеся начальных классов, воспитание, нравственно-духовное воспитание, эстетика.

Abstract

Relevance. The relationship of primary school education with practice, systematic conscious and solid assimilation of acquired knowledge. In increasing the activity of children, increasing importance is attached to the spiritual, moral and aesthetic education of students at the present stage. Goal: in the course of subject classes and extracurricular activities of students, the education of morality, a sense of aesthetic beauty.

Keywords: primary school students, education, moral and spiritual education, aesthetics.

Адамгершілік-эстетикалық тәрбие — бұл өнер шығармалары және шынайы құбылыстарды эстетикалық түйсіну қабілетінің, сонымен бірге өмір жолындағы өз шығармашылық қабілетін арттырудың мақсат-бағдары, даму жолы. Адамгершілік тәрбиесі - тәрбие салаларының аса маңызды құрамдас бөлігі. Мұнда тәрбие негізі - адамдарды жалпыадамзаттық мораль рухында тәрбиелеу. Бір сөзбен айтқанда - адамдарды, жеке тұлғаны жағымды мінез-құлық нормалары мен ережелерге сай тәрбиелеу деп білеміз.

Бүгінгі таңдағы қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі - сан ғасырлар қойнауындағы қалыптасқан, ұлттық бейненің озық, өнегелі дәстүрлерін, ұлттық мәдениетін, адамгершілік асыл қасиеттері мен қазақ халқының көркемдік пен сұлулыққа көзқарасын жас жеткіншектер бойында қалыптастыру.

Олай болса, зерттеу мәселесін ғылыми тұрғыдан негіздеуде «адамгершілік» және «эстетикалық» тәрбие ұғымдарының анықтамалары мен түсініктеріне мән-мағына берумен бірге олардың бірін-бірі толықтыру мүмкіндігін есепке алу қажет. Адамгершілік тәрбиесінің талғам нормалары оның эстетикалық тәрбиемен байланыстылығын ашады, яғни адам әрекеттерінен жағымды, адам табиғатын сыйлауға, оған сүйіспеншілік танытуға тәрбиелену қажеттігіне сұраныстың тұрақтылығын айқындап отырғаны Б.Т. Лихачевтың, Я.Ж. Еспаевтың зерттеулерінде айтылған. Б.Т. Лихачев «адамгершілік» және «эстетикалық» тәрбиелерді жеке қарастырмай, бір ұғымдық мазмұн ретінде қалыптастыру тиімді екеніне назар аудара отырып, «адамгершілік пен сұлулық педагогикада ұжым және жеке адам мінез-құлқы секілді әлеуметтік құбылыстың екі жағы ретінде қарастырылуы мүмкін. Егер адамгершілік әлеуметтік тұрғыдан негізделген мінез-құлықтың шартты қозғаушы күші болса, эстетикалық тәрбие белгілі бір дәрежеде адамның моральдық мәнділігінің көрінісі болып табылады», - дейді [1, 55 б.].

Эстетикалық тәрбие ар-ұяттың принциптерін сақтауда бағдар беруші күшті мотивация туғызатындықтан оқушыларда адамгершілік туралы қарапайым түсініктер мен пайымдауларды қалыптастырады. Сондықтан, адамгершілік-эстетикалық тәрбие ұғымы оқушы тұлғасының сапалық қасиеттерін қалыптастыруда, оның моральдық мазмұнын анықтауда басты бағдар бола алады (Л.Кольберг).

«Адамгершілік-эстетикалық тәрбие» ұғымына қатысты түрлі қатынастарға талдау жасай келе біз аталған ұғымды - адамгершілік сананы, адамгершілік сезімді, адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға, толық жетілу мен даму және сұлулықты, әсемдікті бағалау мен өзін-өзі реттей алудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған адами құндылықтарға бағдарланған екі жақты үрдістің бірлігі ретінде қарастырамыз.

Рухани - адамгершілік тәрбие беру - өмірге адамның тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық құндылықты қалыптастыру болып табылады. Рухани – адамгершілік тәрбиесін - жеке тұлғаны өзін парызға арнау, ісі мен ойына жоғары мән бере алатын қасиеттерді тәрбиелеудің ең маңызды да жетекші саласы ретінде танып, қарастырған жөн. Себебі, тұлғаның рухани - адамгершілік дамуы - тұлғаның құндылықтық - мазмұндық аясының кеңеюі мен нығайтылуы, адамның дәстүрлі моральдық нормалар мен адамгершілік идеялардың негізінде өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, мемлекетке, елге, әлемге қатынасының құрылуы мен бағалауы бейімділіктерінің қалыптасуы жүзеге асырылатын үдеріс. Бұл жерде тұлғаның маңызды сипаттары - руханилық және адамгершілік болып табылады. Ал руханилық тұлғаның таңдаған мақсаттарына талпынысы, сананың құндылықтық сипаты ретінде анықталады. Демек, рухани - адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе - баланы құрметтеу. Сондықтан, әрбір оқушы өзін - өзі рухани жетілдіру үшін өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс. Бала ықпал ету объектісі емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы тиіс.

Ы. Алтынсарин болса, дүниеге «дұрыс көзқараспен» тәрбиелеу мәселесін өзінің басты мақсаты етіп қойды. Ол өз шығармаларында жас ұрпақты өнер - білімге, адамгершілікке баулып, біреуге қиянат жасаудан бойын аулақ ұстауға шақырды. Сондықтан да, оның бала тәрбиесіне арнаған адамгершілік әңгімелері осы күнге дейін құндылығын жойған жоқ. Осыған орай рухани - адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейтінін ескерсек, баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады [2, 288 б.]. Рухани – адамгершілік тәрбиені ісжүзіне асыру мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:

- тәрбие үрдісі оқушылардың рухани - адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;
- оқушылар рухани - адамгершілік қасиеттерді өз іс - әрекетінде, ерікті таңдаса.

Рухани – адамгершілік тәрбиеге сабақтастырылған барлық тәрбиенің бағыттары мақсатты бағдарланған, күтілетін нәтижеге бағдарланған желі бойынша бағдарламалық жоспарланып, жүйелі түрде жұмыс істейді.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік қызметі - бұл жас балалар мен жасөспірімдерді ғылымның, техниканың, мәдениеттің, өндірістің түрлі салаларына дайындаудың қоғамдық қажеттілігіне негізделген кең және динамикалық жүйе. Ол көп жоспарлы, әрі көп қызметті, өз ерекшелігі және педагогикалық процестің екі субъектісі - тәрбиелеуші мен тәрбиеленушілердің өзара

байланысы бар жүйе. (Кесте 1-ді қараңыз)

Кесте 1 – Рухани-адамгершілік тәрбиеге сабақтастырылған тәрбиенің бағыттары

Тәрбие бағыттары	Базалық құндылықтар
Рухани-адамгершілік	адамгершілік таңдау; өмірдің мәні; мейірімділік; әділдік; адалдық, ар-ұят; үлкен-кішіге қамқорлық; адамгершілік таңдау; өмірдің мәні; әділдік; адалдық, мейірімділік; ар-ұят; ата-ананы қадірлеу; үлкен-кішіге қамқорлық
Жалпызияткерлік	танымдылық, қызығушылық; өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі көрсете білуге, өзін-өзі дамытуға қажеттілік
Азаматтық-елжандылық	туған еліне, өскен жеріне сүйіспеншілік; елге қызмет ету; құқықтық мәдениеттілік, сенімділік
Кәсіби еңбек тәрбиесі	еңбекті қадірлеу; шығармашылық пен жасампаздық; танымдылық; талпыныс; табандылық; ұқыптылық; кәсіби бағдарлану
Денешынықтыру сауықтыру	дененің саулығы; сауықтыру; салауатты өмір салты
Жалпымәдени	сұлулық; әдемілік; әсемдік; рухани әлем; эстетикалық даму
Экологиялық	туған жер; ұлан-ғайыр табиғат; жер; су; экологиялық сана

Біріншіден, бұл жасөспірімдерді біріге тартатын, практикалық әрекеттің жаппай және топтық кешенді ойын - жарыстар, шығармашылық мейрамдар, сайыстар, фестивальдар және т.б. Бұларға қатыса отырып, балада таңдау мүмкіндігі туады.

Екіншіден, бағытталған қызығушылық, мүмкіншіліктерге сәйкес жүйелі әрекетпен айналысқысы келетін балалар үшін үйірмелер, секциялар, студиялар, лабораториялар, шығармашылық бірлестіктер. Мұндай ұйымдастыру формалары қабілеті мен дайындығына қарамай ниет білдіруші барлық жасөспірімдерді бірдей қатысуға мүмкіндік туғызады.

Үшіншіден, әбден дайындалған жасөспірімдерге арналған жұмыстың формалары мен түрлері. Бұлар оқушылардың ғылыми қоғамы, ғылым, техника әуесқойларының жазғы мектеп - лагерьлері, экспедициялар (археологиялық, геологиялық, фольклорлық т.б.) жатады. Сыныптан тыс ұйымдастырудың барлық осындай әдістері балаларға дифференциалды әсер ету бір уақытта әрекет етеді.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік - әлеуметтік және қоршаған ортаға, уақытша балалардың және педагогикалық ұжымның ерекшелігіне, зерделі, әсершіл, заттық шығармашылықты, денсаулықты жақсартатын қызметтердің өзгеше мазмұнына, қарым - қатынас, өзара байланысқа, сондай-ақ мектептен тыс бірлестіктердің мектеп, жанұялар, балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарымен өзара байланысына сүйенеді. Жеке - даралық рухани дамуды қамтамасыз ете отырып, сыныптан тыс жұмыстар әлеуметтендірудің құралдары мен әдістері арқылы оқушылардың рухани дамуына, өзін іске асыруына және жетіспеушілікті толтыруға ізгілікті қарым - қатынас орнатуға мүмкіндіктер қалайды. Яғни белгілі - бір құндылықтарға негізделеді (1- кесте).

Сабақтан тыс тәрбие жұмысында әлеуметтік, рухани - адамгершіліктік тәрбие туралы әңгімелер жүргізіліп, жасөспірімдердің өміріндегі мәселелер талқылануы керек. (Кесте 2-ні қараңыз)

Кесте 2 – Рухани-адамгершілік тәрбиеге негізделген іс - шаралар түрлері

Іс-әрекеттер реті	Іс - шаралар түрлері
1.Танымдық іс-әрекеттер	Білім байқауларын өткізу, тоқсан сайынғы үлгерім рейтингісін анықтау, пән апталығына қатысу, практикумдар өткізу: «Оқып үйрен», Сынып сағаттарының сериясы: «Адамгершілікті абзал жандар», т.б.
2.Құлықтық-бағдарлық іс-әрекеттері	Әдебиет аясындағы кездесулер, «Еліміздің рәміздері», виртуалды саяхат «Досыңмен бірге жолсапарға шықсаң», сынып сағаттарының сериясы «Адам адамға кедергі болмас үшін...»(заманауи этикет ұстанымдары), «Қазақстаным - мақтанышым» және т.б.
3.Еңбек іс-әрекеттер	Мектеп, сынып бойынша кезекшілік, жалпы жинау және сенбіліктер ұйымдастыру, сынып сағаттарының сериясы: «Еңбек және парыз», «Мамандықтар әлемінде», техникалық шығармашылықтар көрмесі, кәсіп апталығы, өндіріс орындарын аралау және т.б.
4.Қоғамдық-пайдалы іс-әрекеттер	Қайырымдылық істері арқылы оқушылардың рухани мәдениетін байыту. Әлеуметтік төмен отбасынан шыққан балаларға қамқорлық жасау.
5.Көркем-шығармашылық іс-әрекеттер	«Сымбатты жан», «Жігіт сұлтаны», «Көрікті көктемде», «Суреттер сыры» атты кештер ұйымдастыру және өткізу, драмалық және қуыршақ театрларына, классикалық музыка залдарына, авторлық өндер кештеріне бару, көрікті қалалар мен мәдени-тарихи орындарды аралау және т.т.

6.Денешынықтыру сауықтыру іс-әрекеттері	Денсаулық күні, «Салауатты өмір мектебі», «Көңілді старттар», «Күлкілі эстафеталар кеші», «Кіші олимпиадалық ойындар», «Спорттық калейдоскоп» ауызша журналы. «Жүйріктер күні», тақырыптық сынып сағаттары «Ауру қолдан жұғады», «Салауатты өмір салтының құпиялары», «Шымыр денеде - жан саулығы», «Күн, ауа және су - нағыз достар!», «Жаман әдеттердің алдын алу», «Менің денсаулығым-ұрпағымның денсаулығының кепілі»
7.Бос уақыттағы іс-әрекеттер	Оқушылардың презентациялық жүйесін зерделеу, психологиялық ойындар, тренингтер, «Достық тосын сыйлар», «Ашықхаттар сырын ашу», сынып сағаттарының сериясы «Еңбек пен демалысты ұйымдастырудың ғылыми мектебі» және т.б.

Адам іс - әрекетте тәрбиеленетінін еске түсіре отырып, көмекке мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге, мектепте және мектептің сыртында балалардың қолынан келетін әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған қоғамдық пайдалы іс - әрекеттер жасау керек.

Рухани - адамгершілік тәрбиені іске асыру механизмдері оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту; педагогикалық консилиумдар, ата - аналар институты; «Өзін - өзі тану» рухани - адамгершілік тәрбие бағдарламасының мета пәндік және тәрбиелік рөлін күшейту, рухани - адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау даму заңдылығы болып табылады. Қазір білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани - адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр.

Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады. Тәрбие мазмұны адам тұлғасының гуманистік құндылықтар жүйесін игеру негізінде қалыптасуын, оның барлық мәндік сферасының дамуын қамтамасыз етуге жұмылдырады. Рухани - адамгершілік тәрбиеге негізделген тәрбие бағыттары бойынша базалық құндылықтар бірге, тәрбиеге әлеуметтік - рөлдік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады: отбасы, ұжым, кәсіби топ, этнос, қоғам және т.б. Сондықтан, тәрбие мазмұны құндылық қарым - қатынас жүйесімен: өзіне, өінің отбасына, мектепке, қоршаған ортаға, Отанына, Жер әлеміне, сондай-ақ әлеуметтік рөл жүйесімен де сәйкестенеді.

Адамның жан-жақты дамуына әсіресе отбасы жағдайының алар орнын «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер»- деп халық мақалдары арқылы дәлелдеп бергендей.

«Баланың өскен бесігі — кең дүниенің есігі»- дейді дана халқымыз. Отбасы балаға шыр етіп келген күннен бастап үлкен әсер етеді. Балаға кемелденіп азамат болып қалыптасқанға дейін жан-жақты тәрбие беру, ана тілін меңгеру отбасының басты, әрі жауапты міндеті десек те болады.

«Тәрбие - тал бесіктен» екенін ұғына білген қазақ халқы кішкене сәбиіне бесік жырын айтып, тіпті баланы бесікке бөлеуде, бесіктен шешіп алуда айтылатын өлеңдер арнаған.

Отбасындағы жағдайдың, ата-аналардың бір-бірімен тілдік қарым-қатынасының балаға әсер етуі, бала аяғына тәй-тәй тұрып, алғаш тілінің шыға бастауында арта түседі.

Бала тәрбиесінің әліппесі, үлгі-өнегенің бастауы - отбасы болғандықтан, тілдің қалыптасып дамуы да осы отбасынан басталмақ. Баланың тілінің жоғары деңгейде қалыптасып, ақыл-ойының дамуы дер кезінде дұрыс ұйымдастырылған, жүйелі жүргізілген тәрбиеге, оқытуға тікелей байланысты. Бала тек қоғамдық оқу-тәрбие орындарында оқып, білім алады деген теріс пікірден аулақ болып, ата-ана өз баласының ең алғашқы ұстазы екендігін, сонымен қатар қатаң жауапкершілікті сезіне білген жөн.

Халық педагогикасы отбасындағы тәрбиенің ең негізгісі болып табылады. Сондықтан баланың ана сүті арқылы бойына сіңген асыл қасиеттерін, рухани бай мұраларымызды балаға ана тілі арқылы меңгертуге тиіспіз.

Бала тілін жан-жақты дамытып, қалыптастыруда - қазақ халқының ауызекі шығармашылығының маңызы өте зор. Халық ауызекі шығармалары әсем тілге құрылған жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, ойын өлеңдер, ертегі, аңыз-әңгіме, мақал-мәтелге бай. Осы бай мұраның қай түрін алсақ та балаға ана тілін меңгертіп, сөздік қорын молайту арқылы, байланыстырып сөйлеуге, тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда, дыбыстық қателіктерді жоюда, шығармашылық ойлауын дамытуда баға жетпес құралдар болып табылады.

Халықтың әсем сөз өрнектері балалар түсінігіне лайықты тілге орамды, көркем-әдеби тілмен жазылған. Сазды халық әуенімен айтылатын бесік жырларының сан алуан түрлері, тұсау кесу жырлары ойнақы тілмен жазылған санамақтар, ойын өлеңдері балалардың жас ерекшеліктеріне қарай

тиімді пайдаланылуы, баланың тіл әлеміне деген қызығушылығы артып, ана тілдің байлығын меңгертуде үлкен қызмет атқарары сөзсіз.

Әрине, ол сөзсіз бастауыш сыныптарда Әдебиеттік оқу сабақтарында жүзеге асады. Атап айтсақ, ана тілі - балаларды адамгершілікке, әдемілікке, сұлулыққа тәрбиелеу жолдарын іске асыратын бірден-бір пән.

Бастауыш сыныптарда оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарына нақты тоқталсақ әдебиеттік оқу материалдарының мүмкіндігі мол.

1. Мәтінді оқу ондағы басты ойды табу, оның мазмұнын ұғыну, көркемдік тіл құралдарын талдау, сауатты түрде оқу біліктігін арттырумен қатар, адамгершілік нормаларына үйренуге де мүмкіндік жасайды.

Әдебиеттік оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының түрлерін былайша топтап көрсетуге болады:

Өнегелі өмір жөнінде көптеген әңгімелер, өлеңдер, мақалалар беріледі. Осы материалдар арқылы балалар үлкен адамгершілікке, қайырымдылыққа, еңбексүйгіштікке, еңбек адамдарына қамқорлық жасауға үйренеді. Ұлы адамдардың өмір жолынан үлгі алу тәрбиесі беріледі.

2. Оқу кітаптарында адамның қайырымдылығы, оның алуан түрлі көріністері талай-талай ситуацияларда көзге түсіп отырады. Әр түрлі шығармаларды оқу барысында балаларда қайырымды адам жөнінде елес жасалады. Қайырымдылық дегеннің мәнісіне (қайырымдылық — айналадағы адамдарға, жолдастарына, достарына, туыстарына қамқорлық жасау, қиындыққа кездескендерге көмектесу) түсінеді. Оқулықтардан қайырымдылық жөніндегі материалдарды іріктеп, балаларға өз қылықтарымен салыстыратындай жағдай жасалады.

3. Балаларды еңбекті сүйеге, оны қадірлеуге және өздерінің қолдарынан келетін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға бағыттайтын материалдар оқу кітаптарында мол берілген. Осыған байланысты, олар өздерінің бүкілхалықтық іске қатысқандарына өздері баға беріп, саналы түрде сезінулері керек. Мысалы, "Сендер құстарды қалай қорғайсындар?" т.б.с.с. сұраулар арқылы оларды бағыттауға болады. Бұл балаларда өз ісіне жауапкершілік туғызып, олардың ерік-қасиеттері мен күшін жетілдіре түсуге көмектеседі.

4. Заттар, құбылыстар жөнінде білім берумен қатар, олардың арасындағы өзара сабақтастықты байқауға мүмкіндік жасау, балалардың санасында жанама бейнелердің тууын қамтамасыз етеді, ойлау, шығармашылық қиял процесін тәрбиелейді және оның жетіле түсуіне жағдай жасайды.

Бастауыш мектепте жалпы тәрбие жұмыстары тәжірибесінде тәрбиені ұйымдастырудың түрлерін, яғни формаларын былайша жіктейміз: а) жеке жұмыс, ә) топтық жұмыс, б) көпшілік жұмыс. Бастауыш сынып мұғалімінің, атап айтсақ, сынып жетекшісінің жоспарында әдетте осы формалардың бәрі көрініс табуы тиіс. Бұл жерде оқушылардың барлығы үшін міндетті, сондай-ақ ерікті жұмыс түрлері бар екенін ұмытпағанымыз жөн. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының барлық түрін санап шығу қиынға соғады. Озат, тәжірибелі мұғалімдер тәрбие үрдісін ұйымдастырудың жаңа түрлерін ұдайы іздестіріп, оны тәжірибеге енгізіп отырады. Жоғарыда таңдап алынған тақырыпқа сәйкес қушыларды адамгершілікке, эстетикалық әдемілікке тәрбиелеуге келсек, ол – аса күрделі де, ұзаққа созылатын үрдіс. Балаларды мектептің алғашқы кезеңінен, баспалдағынан бастап, адами құндылықтарға, эстетикалық әдемілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Сол себептен де, сынып жетекшісі қазіргі білім мазмұнының жаңаруына байланысты халықтың ауызекі шығармашылығының адамгершілікке, эстетикалық әдемілікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін әрбір сабаққа ендіре отырып, ол туралы оқушыларға 1-сыныптан бастап түсінік қалыптастыруы керек.

Сынып жетекшісі халықтың бұрынғысы мен қазіргісін уақыт таразысына сала отырып жеткіншектердің бойына адамгершіліктің, эстетикалық әдемілік пен сұлулықтың нәрін себуі керек.

Оқу үрдісінен басқа мектепте жүргізілетін тәрбие саласы бойынша жүргізілетін жұмыс түрлері баршылық. Атап айтсақ, сабақтан тыс жұмыстарда жүргізілетін тәрбие жұмыстары [3, 56 б.].

Мектепте сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыс түрлері өте көп. Мысалы: адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру жолдарына арналған әңгімелесулер, тәрбие сағаттары, саяхат, экскурсия, кездесулер, онкүндік, түрлі ойындар, КВН-дар ұйымдастыру арқылы адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудің тың жолын салуға болады.

Олай болса, пән сабақтары және сабақтан тыс жұмыстар жүргізу арқылы, сол екі бағытты байланыстырып, олардың мол мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы балаларды эстетикалық көркемдік пен адамгершілік нормаларына тәрбиелеудің жүзеге асатыны сөзсіз. Біз олардың ішінен өз тақырыбымызға қатысты еңбектердің қағидаларын ала отырып, өз тарапымыздан бастауыш мектеп оқушыларына пән сабақтары мен сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстарды пайдалану арқылы адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудің жолдары мен әдістерін саралап шықтық. Тәжірибелер мен ізденістер сарапқа салынды.

Бастауыш мектеп оқушыларына адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудің ғылыми тәжірибелік және әдістемелік нәтижелері қорытылып, ұсыныстар берілді:

1. Бастауыш мектеп оқушыларына адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудегі мәселесінің жеткіліксіз зерттелуі, бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік талаптарға жауап бере алмауы, оның себеп-салдарының анықталмауы тәрбие мазмұнын тәрбие құралдары арқылы жүзеге асырудың мәнін, мазмұны мен тәрбиелеу мазмұнын анықтауды міндеттеп отыр.

2. Зерттеушілер мен педагогтарының адамгершілік-эстетикалық туралы айтқан ойлары мен идеяларын жүйелеу, бұл мәселені шешуде, зерттеудің әдіснамалық-теориялық негіздемесін жасауда, дәлелдеуде тірек болады.

3. Тәрбие теориясының, атап айтқанда адамгершілік-эстетикалық тәрбиені біртұтас етіп қарастыру бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеуде нақты әдістемелер жасауды қамтамасыз етеді.

4. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік-эстетикалық тәрбиелілігін қалыптастыруда арнайы ұйымдастырылған: ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік секілді педагогикалық шарттар жағдайында барынша тиімді болатынын көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. Гуманитар. изд. центр Владос, 29 янв. 2022 г. - Всего страниц: 946. <https://books.google.kz/books/>
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы 2012. - 288 б.
3. Қалиев С., Иманбекова Б., Жұмабаева Ж. Тәрбие хрестоматиясы 1-4 сынып. Алматы: «Алматы кітап», 2010.

УДК 371.486

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абдрасилова Гулсим Лесбековна, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: abdrasilova72@mail.ru

Ахилбекова Айнура Сапаралиевна, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің. «№42 орта мектебі» КММ, бастауыш сынып мұғалімі, Тараз қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты. Бастауыш сынып оқушыларының ертегі арқылы қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегіні оқып-білу арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын, құндылық көзқарасын қалыптастырумен бірге, эмоциялық сезімін және адами асыл қасиеттерін жетілдіру. Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне қызығушылығын қалыптастыруды теориялық жақтан негіздеу және әдістемесін жасау.

Түйінді сөздер: қазақ халық ертегілері, бастауыш сынып оқушылары, қызығушылықты қалыптастыру, адамгершілік тәрбие.

Аннотация

Актуальность и цель. Формирование у младших школьников интереса с помощью сказок. Совершенствование эмоционального чувства и человеческих благородных качеств, сопровождающееся формированием эстетического вкуса, ценностного отношения учащихся через чтение сказки. Цель: теоретическое обоснование и разработка методики формирования интереса младших школьников к казахским народным сказкам.

Ключевые слова: казахские народные сказки, учащиеся начальных классов, формирование интереса, нравственное воспитание.

Abstract

Relevance. The relationship of primary school education with practice, systematic conscious and solid assimilation of acquired knowledge. In increasing the activity of children, increasing importance is attached to the spiritual, moral and aesthetic education of students at the present stage. Goal: in the course of subject classes and extracurricular activities of students, the education of morality, a sense of aesthetic beauty.

Keywords: Kazakh folk tales, primary school students, interest formation, moral education.

Ертегіге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ фольклорындағы ертегілердің сан алуан түрлері бар. Ең алдымен ертегі дегеніміз не? Соған тоқтала кетейік. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында: «Ертегі – ауыз әдебиетіндегі проза жанрларының ішіндегі ең көркемделген, сюжет пен композициялық жағынан дамыған түрі. Оның қызметі кең әрі тәрбиелік, әрі көркем – эстетикалық роль атқарады. Сондықтан ертегі оқиғаны барынша ғажайыпты етіп, көркемдеп, әсірелеп баяндайды. Шындықты шынайы суреттеуді емес, керісінше, әсірелеуді міндет тұтады. Әдетте, ертегіні